

БЕКІТІМ
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Білім беруді жаңғырту
орталығы» МҚКК басшысы
С. Мадеев
2021 жыл

**Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған
«Даланың алып қоңырауы» тақырыбындағы мектепке дейінгі
ұйымдардың педагогтеріне арналған Республикалық Педагогикалық
оқулар конкурсының қалалық деңгейін өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік түрі мен нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың алып қоңырауы» тақырыбындағы Республикалық Педагогикалық оқулар конкурсының мақсаты мен міндеттерін айқындайды, өткізілу және қатысу тәртібін, шарттарын реттейді.

1.2. Педагогикалық оқулар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес конкурстың қалалық деңгейін Білім беруді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** жұмыс тәжірибесінде үздік педагогикалық идеяларды қолданатын, балалармен жұмыста шығармашылық танытатын креативті және дарынды педагогтерді анықтау.

1.4. Міндеттері:

- Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұраларын зерделеу және насихаттау;
- педагогтердің шығармашылық қабілеттерін іске асыруға жағдай жасау;
- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби қарым-қатынасы мен шығармашылық өзара ынтымақтастық саласын кеңейту.

2. Педагогикалық оқуларға қатысушылар

Педагогикалық оқуларға жасына, жұмыс өтіліне және біліктілік санатына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық ұжымдары, басшылары, педагог қызметкерлері, мамандары қатыса алады.

3. Педагогикалық оқулардың басым бағыттары

1. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары.
2. Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту: тәжірибесі және болашағы.
3. Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық әдістер мен тәсілдер.

С. Мадеев

4. Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру мен өткізу түрі

4.1. Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу үшін сараптау комиссиясының құқықтары берілген Конкурстық комиссия құрылады.

4.2. Конкурстық комиссияның құрамына ұйым басшылары, жоғары білікті педагогтер, Білім басқармаларының мамандары, орталық әдіскерлері және т. б. кіреді.

4.3. Материалдар баяндама, эссе, мақала түрінде ұсынылуы мүмкін. Баяндаманың, эссе мен мақаланың мазмұны Педагогикалық оқуларға қатысушының идеясын практикалық тұрғыда іске асыруды қамтуы және негізгі материалға презентацияда көрсетілуі тиіс.

4.4. Ұсынылған материалдың тақырыбы Педагогикалық оқулардың басым бағыттарының бірінің тақырыбына сәйкес болуы және ұсынылған тәжірибенің өзектілігі мен жаңалығы көрсетілуі тиіс.

4.5. Педагогикалық оқуларға қатысушылар жеке орындалған жұмыстарды сондай-ақ, авторлық ұжымдармен орындалған жұмыстарды ұсына алады.

5. Өткізу шарттары мен тәртібі

5.1. Конкурстық комиссияның мүшелері қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды, олар келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

5.2. Конкурстық комиссиясының қарауына мынадай материалдарды жолдайды:

1) қатысушының **ақпараттық картасы** (1 қосымша);

2) педагогикалық оқулардың бағыттарына сәйкес келетін, көлемі 4-5 беттен артық емес материал (1 қосымша);

3) 5-6 слайдтан артық емес презентация.

5.3. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6. Құжаттар мен материалдарға қойылатын талаптар

6.1. Қалалық кезеңге материалдар «Педагогикалық оқулар» атауымен **videosad_modern@mail.ru** электрондық поштасына **2021 жылғы 08 қарашадан** кешіктірмей жіберілуі тиіс.

6.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

6.3. Материалдарға авторлық құқық Педагогикалық оқуларға қатысушылардың атымен сақталады.

6.4. Материалдарды бағалау критерийлері:

1. Жұмыстың өзектілігі, Педагогикалық оқулардың басым бағыттарына сәйкестігі.

2. Идеяның мазмұны.

3. Идеяның өзектілігін негіздеу, ғылыми тәсілді қолдану.

4. Идеяны іске асыру.

5. Материалдың идеяларын жұмыс тәжірибесінде қолдану.

6. Ұсынылған материалдың қисындылығы мен дәйектілігі.

7. Практикада іске асырылу деңгейі, нәтижесінің болуы.

Әрбір критерий бойынша 0 – ден 2 баллға дейін беріледі (іске асырылмаған – 0 балл, ішінара іске асырылған – 1 балл, толық іске асырылған-2 балл).

6.5. Материалдар талаптарға сәйкес ресімделуі тиіс (2 қосымша).

7. Қорытынды шығару, қатысушыларды марапаттау

7.1. Педагогикалық оқулардың қорытындысы бойынша әрбір басым бағыттарда орындар анықталады:

- I орын;
- II орын;
- III орын.

7.2. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады, қатысушыларға Педагогикалық оқуларға қатысқанын растайтын Білім беруді жаңғырту орталығының сертификаттары беріледі.

Анықтама телефоны: 8 (707) 6632656

**Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған
«Даланың алып қонырауы» мектепке дейінгі
ұйымдардың педагогтеріне арналған
Республикалық Педагогикалық
оқулар конкурсының қалалық деңгейіне қатысушының
ақпараттық картасы**

(4×6 см суреті)	_____
	(тегі)

	(аты, әкесінің аты)
1. Жұмыс орны	
Жұмыс орны (Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның атауы)	
Атқаратын лауазымы	
Біліктілік санаты	
Қатысатын басым бағыттың атауы	
Ұжымдық немесе жеке жұмыс	
2. Байланыстар	
Ұялы телефон	
Жеке электрондық пошта	

« ____ » _____ 2021 ж.

Ұсынылатын жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Мәтін MS WORD, редакторында басылады, Times New Roman қарпімен теріледі, қаріп өлшемі 14; жоларалық интервал бір; жиектері; сол жағы - 3 см, оң жағы - 1 см, үстіңгі және төменгі- 2 см; абзац - 1,25 см., бет нөмірленбейді.
2. Бірінші бетте мынадай ақпарат болуы тиіс: беттің ортасына қарай – жұмыстың атауы жартылай қалың жол әріптермен жазылады, оның астына аралық арқылы - аты-тегі, аты-тегінің астына автор туралы мәліметтер: жұмыс орны, лауазымы, мектепке дейінгі ұйымның атауы, мекен-жайы жазылады, аралық арқылы негізгі мәтін беріледі.

Жұмысты ресімдеу үлгісі

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ДЕНГЕЙІН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ӘЗІРЛЕУ

М. О. Өтепова

«№ 68 бөбекжай - бақшасы» МКҚК тәрбиешісі
Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы

Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін,
Мәтін,

Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін, Мәтін,
Мәтін, Мәтін,

1. Деректерге сілтемелер мәтінде және әрбір беттің соңында « Соңындағы сілтеме»¹ редакторы арқылы көрсетіледі.
2. Суреттер нақты және түсінікті болуы керек. Суреттердің атауы мен номері суреттің астында, кестелердің атауы мен нөмірі – кестелердің астында көрсетілуі тиіс. Мәтінде суретке немесе кестеге тиісті сілтеме болуы керек.
3. Мәтіннің соңында пайдаланылған әдебиеттер көрсетіледі.